

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

05 маусым 2015 жыл

KASE биржада қаржыландыру тарту мүмкіншіліктері тақырыбына Қостанай облысының бизнес-қауымдастығына арналған таныстыру сұхбатын өткізеді

2015 жылдың 05 маусымында Қостанай облысының Әкімдігі ғимаратында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) биржада қаржыландыру тарту мүмкіншіліктері тақырыбына Қостанай облысының бизнес-қауымдастығына арналған таныстыру сұхбатын өткізеді.

Осы сұхбатта қатысушылар, компаниялардың дамуы мен болшақтағы жоспарларын іске асыруға мүмкіндік беретін, сонымен қатар компаниялардың имиджін жақсартатын, сондай-ақ клиенттер мен серіктестер арасында беделін арттыратын, KASE өкілдері мен консалтингтік компаниялар болып табылатын оның серіктестерінің өкілдерінен қор нарығы арқылы қаржыландыру құралдары туралы ақпараттар алады.

Со стороны партнеров KASE серіктестері тарапынан осы кездесуге "Фридом Финанс" АҚ инвестициялық компаниясының және "ERNST & YOUNG KAZAKHSTAN" ЖШС аудиторлық компаниясының өкілдері қатысады.

Анықтама үшін

KASE Қазақстандағы қаржы нарығына қызмет көрсететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының қаржы құралдарының, шетел валюталарының, мемлекеттік және қазақстанның және шетелдік эмитенттердің беймемлекеттік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының сауда-саттығы өтетін әмбебап сауда алаңы.

"Фридом Финанс" АҚ 2006 жылдан бастап Биржа мүшесі, инвестициялық портфельді басқару және бағалы қағаздар нарығында клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізуге құқығымен брокерлік-дилерлік қызметтің жүзеге асыратын компания болып табылады.

"ERNST & YOUNG KAZAKHSTAN" ЖШС аудит, салық салу және құқық, мәмілелер бойынша кеңес беру және бизнес жүргізу сұрақтары бойынша кеңес беру қызметін жүзеге асыратын, халықаралық компания.